

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БЕКІТІЛДІ

**«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ**


Басқарманың

2019 жылғы 03 - қазандағы


№ 5 хаттама шешімімен

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ ПЕДАГОГ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІ МЕН ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ
ЛАУАЗЫМДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

Коды	Басылым	Құрастырған
Е БҚМУ 04-22	Бірінші	Нуранова Д.Д.  <u>03 10</u> 2019 ж.

Ақтөбе, 2019

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 2-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Біліктілік талаптар және Университет) профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптар ҚР қолданыстағы білім беру, денсаулық сақтау саласындағы және еңбек заңнамасына, «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығына, «Педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығына, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. ПОҚ лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптар:

- оның Университеттегі рөлі мен орнын анықтайтын құрылымдық бөлімшелер туралы ереже жасау кезінде;
- міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктерін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар әзірлеу кезінде;
- педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына конкурстық орналасу өткізу кезінде кадрларды іріктеу және орналастыру;
- персоналды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру кезінде;
- ПОҚ аттестаттаудан өткізу кезінде негіз болып қызмет атқарады.

1.3. Біліктілік талаптар бірінші проректордың (Провост), оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың клиникалық және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректордың, стратегиялық даму және халықаралық серіктестік жөніндегі проректордың, факультет деканының, факультет деканы орынбасарының, кафедра жетекшісінің, профессордың, деканның, аға оқытушының, оқытушының/ассистенттің лауазымына қолданылады.

1.4. Біліктілік сипаттамалар кадрларды дұрыс іріктеуге және орналастыруға, олардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға, еңбекті ұтымды бөлуге, жұмыскерлер арасында қызмет, өкілеттік және жауапкершілік ауқымын шектеудің әрекетті механизмін құруға, сондай-ақ лауазымдық міндеттері мен оларға қойылатын біліктілік талаптарды белгілеуде бірыңғай тәсілдеме орнатуға жағдай жасайды.

1.5. Әрбір лауазымға берілген Сипаттама үш бөлімнен: "Лауазымдық міндеттері", "Білуге тиіс" және "Біліктілікке қойылатын талаптар" деген бөлімдерден тұрады. "Лауазымдық міндеттері" бөлімі осы лауазымды атқаратын жұмыскерге қойылатын негізгі еңбек функцияларын қамтиды.


1.6. "Білуге тиіс" деген бөлімде жұмыскердің арнайы біліміне, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, ережелерді, нұсқаулықтарды және жұмыскер лауазымдық міндеттерін орындаған кезде қолдануға тиісті басқа да материалдарды, әдістер мен құралдарды білуіне қатысты қойылатын талаптар көрсетіледі.

1.7. "Біліктілікке қойылатын талаптар" деген бөлімде жұмыскердің көзделген міндеттерді орындауға қажетті кәсіби даярлық деңгейі мен жұмыс өтіліне қойылатын талаптар айқындалған.

1.8. Біліктілік сипаттамаларында әрбір лауазымға неғұрлым тән келетін жұмыс түрлері берілген. Сондықтан лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде нақты ұйымдық-техникалық жағдайдағы тиісті лауазымға тән жұмыстар тізбесін нақтылауға болады және жұмыскерлердің арнайы даярлығына қажетті талаптар белгіленеді.

1.9. Жұмыскер осы біліктілік сипаттамаларында көзделген қызметіне кірісу кезінде педагогикалық және медициналық қызметке сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынбағанын, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ және лауазымның (мамандық) көрсетілген лауазымдық нұсқаулығы бойынша



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 3-беті

оның еңбек қызметін шектейтін немесе тыйым салатын қандай да бір белгілі қарсы көрсетімдердің жоқ екенін растайды және кепілдік береді.

ЛАУАЗЫМДАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2. БІРІНШІ ПРОРЕКТОР (ПРОВОСТ), БАСҚАРМА МҮШЕСІ

2.1. Лауазымдық міндеттері

Денсаулық сақтау ұйымдарының өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелерінің қызметін басқаруды қамтамасыз етеді, олардың жұмысын, функционалын орындауды және тиімді өзара іс-қимылдарын ұйымдастырады.

Университеттің даму бағдарламасын әзірлеуге қатысады, ол бәсекеге қабілеттігін арттыру мен дамыту жөніндегі нақты шараларды қамтиды.

Университеттің стратегиясын таңдайды және даму басымдықтарын айқындайды, мақсатқа жету әдістерін анықтайды, мақсаттың таңдалуын негіздейді және мақсатқа жеткізу құралдарын белгілейді, Университеттің стратегиялық даму және халықаралық серіктестігін үйлестіреді.

Басқарма Төрағасы-Ректорға (бұдан әрі – Ректор) Университеттің стратегиялық даму мәселелері бойынша басқарушылық шешімдердің жобасын ұсынады.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің даму жоспарының стратегиялық мақсаттарын, міндеттері мен іс-шараларының орындалуын мониторингілеу жөніндегі қызметті ұйымдастырады.

Ұйымның Даму жоспары мен Даму стратегиясының (стратегиялық жоспар) орындалуы туралы есептерді қалыптастыру жөніндегі қызметті басшыға ұсыну үшін дамудың одан әрі перспективалары бойынша ұсыныстар енгізе отырып, ұйымдастырады.

Университеттің инновациялық және инвестициялық қызметін, одан әрі дамытуға байланысты жарнамалық стратегияны әзірлеуге қатысады;

Өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, сотта ЖОО және жоғары тұрған органдарда өкілі болады.

Директорлар, Басқарма кеңесі, Ғылыми кеңес отырыстарында және университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

2.2. Білуге тиіс:


Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Білім туралы», «Ғылым туралы» ҚР заңдарын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын, ұйымды басқарудың экономикалық әдістерін, жоспарлы жұмысты ұйымдастыруды, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздерін, денсаулық сақтау саласындағы басқару жүйесін, медициналық қызмет көрсету нарығының конъюнктурасын, еңбекке ақы төлеу жүйесін және материалдық ынталандыру нысанын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

2.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білім, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, денсаулық сақтау саласындағы басқару лауазымдарында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта даярлау. Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

Бірінші проректор (Провост) лауазымына осы біліктілік талаптарға сәйкес келетін отандық және шетел мамандары қатыстырылуы мүмкін.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 4-беті</p>

3. ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР, БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

3.1. Лауазымдық міндеттері

Университеттің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарлауын ұйымдастыруды, бақылауды және талдауды, сондай-ақ университеттің көрсетілген қызмет түрінің даму стратегиясын әзірлеуді және олардың әдістері мен тәсілдерін жетілдіруді басқаруды жүзеге асырады.

Техника мен технологиялардың жаңа жетістіктерін, білім саласындағы отандық және шетел тәжірибесін, еңбекті басқарудың және ұйымдастырудың озық нысандарын пайдалану саласындағы соңғы жетістіктердің негізінде Университеттің оқу-тәрбие процесінің барлық бағытының тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Жетекшілік ететін бөлімшелердің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін барлық қажетті құжаттамаларды дайындауға басшылық және бақылау жасайды.

МЖМБС, мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етеді.

Білім беру процесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жасау жұмыстарын ұйымдастырады.

Жоғары білікті мамандар даярлауды қамтамасыз ету мақсатында оқыту және тәрбие процесінің сапасына және студенттердің оқу даярлығы нәтижелерінің объективті бағалануына бақылау жасайды.

Өз қызметінің бағыты бойынша басқаруындағы құрылымдық бөлімшелерге, сондай-ақ факультеттер мен кафедраларға әкімшілік басқаруды жүзеге асырады.

Университеттің академиялық кеңесінің жұмысына басшылық жасайды, Академиялық кеңестің отырыстарының дайындығын ұйымдастырады және оларға төрағалық етеді, университеттің оқу-әдістемелік жұмыстарының нәтижелері туралы жыл сайынғы есебін жасайды.

Университеттің білім беру бағдарламаларының институционалды және мамандандырылған аккредиттеуге даярлығы, ЖОО рейтингісі жүйесіне қатысу бойынша университет бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

Халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес университеттің сапа менеджменті жүйесін қолдау және дамыту жұмыстарына басшылық етеді.

Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және мемлекеттік білім беру грантына үміткер-студенттердің тізімін дайындауды үйлестіруді жүзеге асырады.

Жетекшілік ететін бөлімшелерін білікті мамандармен қамтамасыз ету, ПОҚ біліктілігін жүйелі түрде арттыруды жүргізу, жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметкерлерін уақытылы конкурстық орналастыру және аттестаттан өткізу, аккредиттеу және жаңа мамандықтарды лицензиялау (қажеттігінше) бойынша шаралар қабылдайды.

Жетекшілік ететін бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді.

Университеттің әлеуметтік саясатын іске асыру шараларын қабылдайды: білім алушылардың оқуына, профессор-оқытушылар құрамының еңбек етуіне және демалуына, медициналық қызмет көрсетуге және жатақханалардағы тұрғын үй-тұрмыс жағдайына қолайлы жағдай жасау.


Студенттердің таңдаған мамандықтарына құндылықты қатынасты қалыптастыру, қазақстандық патриоттық тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, жастарды Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту шараларын іске асыратын құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді.

Тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау, студент жастарды құқықтық тәрбиелеу шаралар кешенін жүзеге асырады.

Профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың оқу жүктемесін бақылайды және реттейді.

Профессор-оқытушылар құрамының Университетті дамыту, оны іске асыру шараларына сәйкес кадрларды іріктеу және тиімді орналастыру, оларды пайдалануды қамтамасыз етеді.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 5-беті</p>

Оқу-әдістемелік мәселелер бойынша университет кеңестерін, оқыту семинарларын, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да шараларды ұйымдастырып, өткізеді.

Тәлімгерлікті жан-жақты дамытуға, қайта қабылданған ПОК/қызметкерлерді бейімдеуге ықпал етеді.

Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және еңбектің қауіпсіз жағдайын құру бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік актілердің талаптарын сақтауды, бақылауды қамтамасыз етеді.

Жыл сайын университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы есеп беруді дайындайды.

Өзінің өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдайды және жағдайлар жасайды.

Директорлар кеңесі, Басқарма, Ғылыми кеңестің отырысында және Университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

3.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР заңдарын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын, ұйымды басқару мәселелері нормативтік құқықтық актілерді, жоспарлы жұмысты ұйымдастыруды, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздерін, денсаулық сақтау саласындағы басқару жүйесін, медициналық және білім беру қызметтер нарығының конъюнктурасын, материалдық ынталандыру нысанын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

3.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білім, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, денсаулық сақтау саласындағы басқару лауазымдарында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта даярлау. Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР, БАСҚАРМА МҮШЕСІ


4.1. Лауазымдық міндеттері

Университеттің беделін арттыруға, университеттің саясаты мен Даму бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға, Ғылыми кеңес пен Ректордың бұйрығының шешімін іске асыруға, ішкі байланысты кеңейтуге, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің декандары мен жетекшілерінің тиімді қызметіне көмектеседі. Оқу, клиникалық және ғылыми процестердің бірлігін қамтамасыз етуге, оқу процесіне медициналық ғылымның озық тәжірибесін енгізуге және ғылыми зерттеулерді білім беру процесімен тығыз байланыста жүргізуге көмектеседі, ғылыми және зерттеу жұмыстарының орындалуына және сапасына жауап береді.

Университетте ғылыми-зерттеу жұмыстарының стратегиялық, перспективті және ағымдағы жоспарларын жасайды, университет кафедраларының, құрылымдардың, университеттің ғылыми және клиникалық қызметін дамытуға жауаптылардың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін ұйымдастырады және бақылайды.

Инновациялық ғылыми-зерттеу бағдарламалары, тақырыптық жоспарлар, семинарлар, конференциялар және гранттық қызмет, шаруашылық жүргізуші субъектілермен шарт, патенттік-лицензиялық қызмет әзірлеуді және іске асыруды, өнертабыс және өнертапқыштық ұсынысты үйлестіреді.



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 6-беті

Клиникалық, ғылыми және баспа қызметін іске асыруға байланысты халықаралық ынтымақтастыққа жетекшілік етеді.

Университет үшін ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет бойынша мемлекеттік аккредиттеу көрсеткіштерінің критерийлік деңгейінің мониторингін жүргізуді үйлестіреді. Университет қызметкерлерінің ғылыми жобалар мен гранттардың республикалық және халықаралық конкурстарына қатысу жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді. Техникалық тапсырмалар, әдістемелік және жұмыс бағдарламаларын, техникалық-экономикалық негіздеме, медициналық ғылым саласын дамыту болжамдары мен ұсыныстарын, басқа да жоспарлы құжаттар мен әдістемелік материалдар әзірлеуге жетекшілік етеді.

Университеттің тақырыптық жоспарында көзделген жұмыстарға ғылыми басшылық етеді, түпкілікті мақсаттар мен болжалды нәтижелерді үйлестіреді.

Кафедралардың, ғылыми-практикалық орталықтың, зертханалардың және клиникалардың жабдықтау, материалдар және қажетті ресурстарға қажеттілігін анықтайды және бөлімшелерді қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, ресурстарды сақтау және оларды тиімді пайдалану шараларын қабылдайды.

Құрылымдық бөлімшелердің қызметіне тікелей басшылықты бақылайды және жүзеге асырады, құрылымдық бөлімшелердің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың әрекеттерін, олардың мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін көрсететін қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды.

Клиникаларда емдеудің заманауи әдістерін кең пайдалануды енгізеді және ықпал етеді, оның тиімділігіне жауап береді.

Ғылым және практика өкілдерінің арасында өзара іс-қимылды үйлестіреді.

Клиникалық кафедралар мен клиникалардың медициналық персоналының профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды бақылайды және үйлестіреді.

ҚР ДСМ және БҒМ, университеттің бекітілген жоспарына сәйкес ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізуді ұйымдастырады.

Университеттің ғылыми және клиникалық жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Студенттік ғылыми жұмысты ұйымдастыруға көмек көрсетеді және бақылайды.

Халық денсаулығын сақтау және бірлескен жоспарлар мен бағдарламалар орындауды бақылау бойынша Батыс Қазақстан өңірінің денсаулық сақтау басқармасы мен университеттің бірлескен қызметінің үйлесімін жүзеге асырады.

ҚР ДСМ және БҒМ кешенді мақсатты бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының, алыс және жақын шетелдердің, өңірдің ұйымдары мен кәсіпорындарының ғылыми, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-өндірістік ынтымақтастығын дамытады.


Университет білім алушыларының клиникалық даярлығын ұйымдастыруды бақылауды жүзеге асырады. Қызмет нәтижелерін жақсартуға бағытталған шараларды әзірлеу арқылы мемлекеттік сатып алу шеңберінде және ақылы негізде халыққа медициналық көмек көрсету бойынша университет клиникаларының қызметін жедел басқаруды жүзеге асырады.

Профессор-оқытушылар құрамының арасында клиникалық жүктемені бөлуді және орындауды бақылайды.

Жетекшілік ететін бөлімшелердің кадрлық саясатын іске асыру, Университеттің Даму бағдарламасына сәйкес оның негізгі бағыттарын, оны іске асыру шараларын анықтау жұмыстарын жүзеге асырады және бақылайды.

Құрылымдық бөлімшелердің, есеп беретін бөлімшелердің қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 7-беті</p>

Электронды денсаулық сақтау саласында медициналық қызметтердің сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Құрылымдық бөлімшелер, есеп беретін бөлімшелердегі жетекшілердің кадрлық резервін дайындауды бақылайды.

Тәлімгерлікті жан-жақты дамытуға, қайта қабылданған ПОК/қызметкерлерді бейімдеуге ықпал етеді.

Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және еңбектің қауіпсіз жағдайын құру бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік актілердің талаптарын сақтауды, бақылауды қамтамасыз етеді.

Жыл сайын университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы есебін дайындайды.

Өзінің өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдайды және жағдайлар жасайды.

Басқарма, Ғылыми кеңес отырыстарында және Университет Ректорының алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Директорлар кеңесі, Басқарма, Ғылыми кеңестің отырысында және Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректордың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

4.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылым туралы» ҚР заңдарын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді, ұйымды басқарудың экономикалық әдістерін, жоспарлы жұмысты ұйымдастыруды, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздерін, денсаулық сақтау саласындағы басқару жүйесін, медициналық қызмет көрсету нарығының конъюнктурасын, материалдық ынталандыру нысанын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

4.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білім, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, денсаулық сақтау саласындағы басқару лауазымдарында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта даярлау. Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

Клиникалық қызметке жіберу және жоғары біліктілік санатының болуы.

5. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ЖӨНІНДЕГІ ПРОЕКТОР, БАСҚАРМА МҮШЕСІ


5.1. Лауазымдық міндеттері

Университеттің стратегиялық даму бағытын, қызметтің негізгі бағыттары бойынша университеттің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді даму бағдарламасын, олардың ұйымдастырылуын және ақпараттық қолдауды әзірлейді және іске асырады.

Бюджеттендірудің басымдылықтарын белгілейді және іске асырылатын бағдарламалардың қаржылық тұрақтылығының кепілдігін қамтамасыз ету үшін шығындар мониторингін өткізеді, жобалардың іске асыру тиімділігінің есеп айырысуларын ұйымдастырады, бағдарламаларды қаржылық қамтамасыз ету мүмкіндігіне талдау жасайды.

Барлық кезеңдерде университеттің стратегиялық даму жоспарын (қызмет саласы) іске асыру жұмыстарын үйлестіреді, университеттің негізгі даму стратегиясының қабылданған шешімі мен



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 8-беті

жасалатын әрекеттердің сәйкестігін бақылайды, даму стратегиясын іске асырудың әр кезеңінде көрсеткіштерге талдау жасайды.

Университетті дамытудың жаңа бағытын, жаңа технологияларды игеру бойынша ұсыныстар дайындайды; университеттің техникалық және әкімшілік жаңғырту жобаларын әзірлейді.

Университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша тәуекелдерді ескерту және төмендету шараларын әзірлейді.

Халықаралық қызметті жоспарлауды жүзеге асырады, әлеуетті стратегиялық серіктестермен ынтымақтасу бағытын белгілейді, шетелдік білім беру, ғылым және денсаулық сақтау ұйымдарымен серіктестік туралы шарт және жоспар даярлауға басшылық етеді.

Мемлекеттік органдар және мекемелермен, халықаралық және ұлттық білім беру, ғылым және денсаулық сақтау ұйымдарымен, қауымдастықтармен, қоғамдық ұйымдармен стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық мәселелері бойынша шарттық қатынастарды орнатуды қамтамасыз етеді.

Халықаралық және кәсіби ұйымдармен байланысты қамтамасыз етеді, шетел азаматтарын университетке оқуға қабылдауға байланысты мәселелер бойынша ақпараттық –жарнамалық және маркетингілік жұмыстарды басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Білім алушылардың отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлық процестеріне басшылықты, жоғары оқу орынаралық серіктестік аясында университеттің ПОҚ мен қызметкерлерді басқа білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарына іссапарға жіберуді жүзеге асырады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етудің ұйымдық механизмдерін және академиялық ұтқырлықты бағалау жүйесін әзірлеуді, академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпарат беру жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді.

Хаттамалық функцияларды ұйымдастырады: қолданыста бар ережелерге және нұсқаулықтарға сәйкес шетелдік ЖОО өкілдерін және делегациясын қабылдауды ұйымдастыру, шетелдік әлеуетті және нақты серіктестермен келіссөздер, халықаралық серіктестік туралы хаттамалар мен шарттарға қол қоюды қамтамасыз ету.

Көші-кон заңнамасын сақтауды қамтамасыз етеді.

Шетел азаматтарының оқу процесін, шетелдік білім алушыларға берілетін білім туралы құжатқа қосымшаны белгіленген тәртіппен ағылшын тілінде рәсімдеуді, азаматтардың өтініштерін қарау тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Академиялық ұтқырлық және Университеттің шетелдік ЖОО, кәсіпорындармен және ғылыми орталықтармен серіктестік қатынастарын дамыту аясында дәрістер оқу үшін білім беру және денсаулық сақтау саласындағы ірі ғалымдар мен жетекші мамандарды шақыру бағдарламасын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Тәлімгерлікті жан-жақты дамытуға, қайта қабылданған ПОҚ/қызметкерлерді бейімдеуге ықпал етеді.

Жыл сайын университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы есеп беруді дайындайды.


Университет өзінің өкілеттігі шегінде ҚР ДСМ және БҒМ, жоғары оқу орындарымен, кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара қарым-қатынасының мүдделеріне өкілдік етеді.

Өзінің өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдайды және жағдайлар жасайды.

Ғылыми кеңестің отырысында және Университет Ректорының алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Директорлар кеңесі, Басқарма, Ғылыми кеңестің отырысында және университеттің Басқарма Төрағасы-Ректордың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 9-беті</p>

Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және еңбектің қауіпсіз жағдайын құру бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауды бақылауды қамтамасыз етеді.

5.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңдарын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді, ұйымды басқарудың экономикалық әдістерін, жоспарлы жұмысты ұйымдастыруды, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздерін, денсаулық сақтау саласындағы басқару жүйесін, медициналық қызмет көрсету нарығының конъюнктурасын, еңбекке ақы төлеу жүйесін және материалдық ынталандыру нысанын, еңбек заңнамасын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

5.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білім, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, білім және денсаулық сақтау саласындағы басқару лауазымдарында жұмыстың бейініне сәйкес жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта даярлау. Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

6. ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ

6.1. Лауазымдық міндеттері

Факультеттің даму стратегиясын әзірлейді, жұмыс берушілермен және білімді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды дамытады.

Факультеттегі мамандар дайындау мамандықтарының бағыттары бойынша білім беру қызметінің нарығы мен еңбек нарығын зерделейді.

Факультеттегі оқу және ғылыми жұмыстарға басшылық жасайды, мамандықтардың білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Оқу-тәрбие процесінің оқу-әдістемелік қамтылуын құру жұмыстарын, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, кафедрааралық кеңестер, семинарлар және конференциялар ұйымдастырады.

Факультет және факультет білім алушыларына әкімшілік басшылық жасауды жүзеге асырады.

Білім алушылардың жеке оқу жоспарын бекітеді, факультет білім алушыларының толық ілесуін қамтамасыз етеді (жолбасшы, ЖОЖ және т.б.).

Факультетте оқу процесін, оқу практикумдары мен кәсіби практикаларды ұйымдастыруды бақылайды және реттейді.

Студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысын, студенттердің жеке оқу жоспарларын орындауын бақылауды ұйымдастырады.


Студенттерді курстан курсқа көшіруге ұсыныс дайындайды. Емтихан сессияларына жіберуге рұқсат береді. Емтихандарды мерзімінен бұрын тапсыруға, қайта тапсыруға рұқсат береді.

Қажет жағдайда емтихандар мен сынақтарды қабылдау комиссиясын құрады.

Студенттерге мемлекеттік емтихандар тапсыруға, диплом жұмысын (жобасын) қорғауға рұқсат береді.

Жазбаша емтихан өткізу кезінде емтихан парақтарын кодтау процесін қамтамасыз етеді.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 10-беті</p>

Студенттерді оқуға қабылдауға, оқудан шығаруға, қайта қабылдауға ұсынысты уақытында береді.

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу қағидасына сәйкес факультет студенттеріне стипендия тағайындауға ұсыныс дайындайды.

Факультет білім алушыларымен өткізілетін барлық іс-шараларды үйлестіреді.

Жаңа оқыту технологияларын енгізуді және білім алушылардың білімін бақылауды жүзеге асырады.

Факультетте, кафедраларда кадрлар саясатын айқындайды және Басқарма Төрағасы-Ректорға декан лауазымына үміткерлерді ұсынады.

Факультетте халықаралық оқу қызметіне қатысуды ұйымдастырады, бақылайды және қабылдайды.

Факультет кеңесінің жұмысына басшылық жасайды.

Факультеттің бағыты және бейіні бойынша білім беру саласында жұмыс істеп жүрген жоғары білімді мамандардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

Факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және дамытуға байланысты жұмыстарды жүргізеді.

Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін, аралық аттестаттауды және білім алушылардың оқу сабақтарына қатысымын бақылауды есепке алуды ұйымдастырады.

Үздік қызметкерлерді марапаттайды және факультет персоналын ынталандыру мақсатында тәртіптік іс-шараларды қолданады.

Өзінің өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолданады және шарттарын жасайды. Факультетте жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етеді.

Білім алушылар және кафедра жұмыскерлерінің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормалары мен қағидаларын орындайды.

Факультет қызметінің негізгі мәселелері бойынша Университет Басқармасы және Ғылыми кеңестің алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

6.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; білім беру жүйесін басқару теориясын және әдістерін; оқу жоспарларын жасау тәртібін; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; педагогиканы, физиологияны, психологияны; кәсіби оқыту әдістемесін; студенттерді оқыту және тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін; еңбек туралы экономика, заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

6.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білім, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, денсаулық сақтау саласындағы басқару лауазымдарында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл. Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.


7. ДЕКАННЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

7.1. Лауазымдық міндеттері

Деканның жетекшілігімен факультеттегі оқу процесін, оқу-әдістемелік және басқа да құжаттарды әзірлеу, жетілдіру жұмыстарын ұйымдастырады.

Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін және қатысымын бақылауды жүзеге асырады.



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 11-беті

Ғылыми, ғылыми-әдістемелік кеңестер, семинарлар мен конференцияларды ұйымдастырады және өткізеді.

Мамандықтардың білім беру бағдарламаларын ұйымдастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді.

Студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысын, студенттердің жеке оқу жоспарларын орындауын бақылауды ұйымдастырады.

Студенттерді курстан курсқа көшіруге ұсыныс дайындайды. Студенттерді емтихан сессияларына жіберуге рұқсат береді. Емтихандарды мерзімінен бұрын тапсыруға, қайта тапсыруға рұқсат береді.

Студенттерге мемлекеттік емтихандар тапсыруға, диплом жұмысын (жобасын) қорғауға рұқсат береді.

Жазбаша емтихан өткізу кезінде емтихан парақтарын кодтау процесін қамтамасыз етеді.

Студенттерді оқуға қабылдауға, оқудан шығаруға, қайта қабылдауға ұсынысты уақытында береді.

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу қағидасына сәйкес факультет студенттеріне стипендия тағайындауға ұсыныс дайындайды.

Факультет білім алушыларымен өткізілетін барлық іс-шараларды үйлестіреді.

Жаңа оқыту технологияларын енгізуді және білім алушылардың білімін бақылауды жүзеге асырады.

Факультеттің жұмыс жоспарларының жобаларын дайындауды, факультет кеңесінің отырыстарын дайындауды жүзеге асырады.

Факультет кеңесінің, факультеттің оқу және ғылыми қызметінің негізгі мәселелері бойынша деканат отырысының алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін, аралық аттестаттауды және білім алушылардың оқу сабақтарына қатысымын бақылауды есепке алуды ұйымдастырады.

Оқу процесін жетілдіру және білім алушылардың дайындық сапасын арттыруға байланысты мәселелерді факультет кеңесінің қарауына шығарады.

Білім алушылардың, кафедра жұмыскерлерінің және деканаттың еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормалары мен қағидаларын орындайды.

Деканның жетекшілігімен топ кураторларының жұмысын ұйымдастырады және бақылайды.

Деканның жетекшілігімен өзінің өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолданады және шарттарын жасайды. Факультетте жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етеді.


Факультет жұмысы туралы есепті белгіленген мерзімде Университет басшылығына ұсынады.

Факультет кеңесі мен деканның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

7.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары мен перспективаларын; оқу-тәрбие процесінің мәселелері бойынша отандық және шетелдік жетістіктерді; оқу ісін жетілдіру бойынша әдістемелерді; педагогиканы, психологияны; оқу-тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесін; тиісті мамандығы бойынша негізгі ғылыми проблемаларды; кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша әрекеттегі



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 12-беті</p>

нормативтік құжаттарды; білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; еңбек туралы экономика, заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

7.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білім, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, денсаулық сақтау саласындағы басқару лауазымдарында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл. Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

8. ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

8.1. Лауазымдық міндеттері

Орталықтың даярлау бағыттары мен мамандықтары бойынша даму стратегиясын жасайды, жұмыс берушілермен, денсаулық сақтау және білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайтады және дамытады.

Білім беру қызметінің нарығын және Орталықтың даярлау бағыттары мен мамандықтары бойынша еңбек нарығын зерделейді. Орталықтың бейіні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.

Орталықтың жұмысын ұйымдастырады және тікелей басқарады.

Орталықтың ішінде мамандар даярлау сапасының жүйесін әзірлейді. Қайта қабылданған қызметкерлердің тәлімгерлігі мен бейімделуін қалыптастырады.

Оқу процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқытудың педагогикалық әдістері мен тәсілдерін айқындайды. Орталықтың барлық оқыту нысандары бойынша оқыту сабақтарының барлық түрін өткізуін ұйымдастырады.

Қызметкерлер мен білім алушылардың оқу, ғылыми және әдістемелік жұмыстарының жоспарланған және ағымдағы мәселелерін талқылау сұрақтары бойынша Орталық отырыстарын өткізеді.

Орталықтың пәндері бойынша силлабустар мен бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеуді қамтамасыз етеді. Университеттің басқа кафедраларының силлабустарына қорытындылар дайындайды.

Оқытушылардың жеке жұмыс жоспарын бекітеді. Орталық жұмыскерлерінің арасында педагогикалық жүктеме мен лауазымдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады және олардың уақытылы және сапалы орындалуына бақылау жасайды.

Орталықтың жұмыс жоспарын тиісті бейіннің проректорына бекітуге ұсынады.

Орталықтың жұмыс жоспары, жеке жоспары және Орталық оқытушыларының басқа жұмыс түрлерінің орындалу сапасына бақылау жасайды. Кафедра оқытушыларының да жеке жоспарының орындалуын бақылайды.

Оқу сабақтарын өткізуде оқытудың заманауи техникалық құралдарын және жаңа ақпараттық технологияларды таңдауды жүзеге асырып, оны пайдалану мүмкіндігін жасайды.


Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, магистранттар мен PhD докторанттардың курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен диссертацияларына жетекшілік жасайды.

Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын және оларды енгізу мүмкіндіктерінің нәтижелерін талқылауды ұйымдастырады.

Білім алушылардың болашақ түлектердің кәсіби қызметінің табыстылығын қамтамасыз ететін құзыретін қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

Білім алушылардың пәндер бойынша емтихан, сынақ, сондай-ақ аралық сынақтардың өткізілуін қамтамасыз етеді. Олардың нәтижелеріне талдау жасайды және ол туралы Орталықтың отырысында баяндайды.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 13-беті</p>

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына басшылық жасайды. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын және мүмкіндіктерінің нәтижелерін немесе оларды енгізуді талқылауды ұйымдастырады. Қол жеткізген ғылыми нәтижелерді жариялауды қамтамасыз етеді.

Орталықтың пәндері бойынша білім алушылардың аралық аттестаттауды және ағымдағы бақылауды орындау сапасын бақылайды.

Оқулықтарға, оқу және оқу-әдістемелік құралдарға қорытындылар жасауды қамтамасыз етеді. Орталықтың оқулықтар, көрнекі құралдар және оқу-әдістемелік материалдар дайындауын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады.

Орталықтың жетекші оқытушыларының жұмыс тәжірибесін таратуға ықпал жасайды. Жаңа бастап жүрген оқытушыларға оқу және әдістемелік көмекті қамтамасыз етеді. Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға басшылық жасайды.

Орталықтың оқытушыларының біліктілігін арттыруды жоспарлайды.

Университет ішінде және жоғары оқу орынаралық деңгейде даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік комиссия жұмыстарына қатысады.

Оқу-әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқу мекемелері мен басқа ұйымдар арасында байланыс орнатады.

Кафедраның ПОҚ халықаралық қызметін қамтамасыз етеді және қатысады. Кафедраның ПОҚ мен білім алушыларының университеттің академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуын қамтамасыз етеді.

Университеттің Даму бағдарламасына сәйкес кафедраның ПОҚ ағылшын тілін Intermediate деңгейінен төмен емес меңгеруін қамтамасыз етеді.

Кафедраның жабдықталуы мен ПОҚ үлесін қамтамасыз етеді.

Орталықтың штат кестесін әзірлеуге қатысады.

Орталықтың барлық құжаттама түрінің және есептіліктің жасалуы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

Орталықтың негізгі қызмет түрінің, негізгі индикаторларының орындалуын қамтамасыз етеді. Орталық қызметінің қорытындысы бойынша есеп береді.

Орталық персоналының арасында міндеттерді тиімді бөлуді қамтамасыз етеді, ұжымда қалыпты психологиялық ахуал жасауға жағдай жасайды.

Орталықта өзінің өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолданады және жағдай жасайды.


Білім алушылардың және Орталықтың кафедра жұмыскерлерінің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормалары мен қағидаларын орындайды.

Университет Басқармасы, Ғылыми кеңесінің алдында және жетекшілік ететін проректордың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

8.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; мамандық және мамандандыру топтары бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібін; білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін; оқу жоспарын құру тәртібін; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; педагогиканы, физиологияны, психологияны және кәсіби оқыту әдістемесін; студенттерді оқыту және тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін; еңбек туралы экономика, заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 14-беті</p>

8.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білім, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, ғылыми-педагогикалық қызмет немесе мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, маман сертификаты/клиникалық қызметке рұқсат беру және мамандық бойынша жоғары немесе бірінші дәрігерлік санатының болуы. Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

9. КАФЕДРА ЖЕТЕКШІСІ

9.1. Лауазымдық міндеттері

Кафедраның даярлау бағыттары мен мамандықтары бойынша даму стратегиясын жасайды, жұмыс берушілермен, денсаулық сақтау және білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайтады және дамытады.

Білім беру қызметінің нарығын және кафедраның даярлау бағыттары мен мамандықтары бойынша еңбек нарығын зерделейді. Кафедраның бейіні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.

Кафедраның жұмысын ұйымдастырады және кафедраны тікелей басқарады.

Мамандар даярлау сапасының кафедра ішлік жүйесін әзірлейді. Қайта қабылданған қызметкерлердің тәлімгерлігі мен бейімделуін қалыптастырады.

Оқу процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқытудың педагогикалық әдістері мен тәсілдерін айқындайды. Кафедраның барлық оқыту нысандары бойынша оқыту сабақтарының барлық түрін өткізуін ұйымдастырады.

Қызметкерлер мен білім алушылардың оқу, ғылыми, әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жоспарланған және ағымдағы мәселелерін талқылау сұрақтары бойынша кафедра отырыстарын өткізеді.

Кафедра пәндері бойынша силлабустар мен бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеуді қамтамасыз етеді. Университеттің басқа кафедраларының силлабустарына қорытындылар дайындайды.

Кафедра жұмысының жоспарын және кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларын бекітеді. Кафедра жұмыскерлерінің арасында педагогикалық жүктеме мен лауазымдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады және олардың уақытылы және сапалы орындалуына бақылау жасайды.

Кафедра жұмысының жоспарын және кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларын факультет деканына бекітуге ұсынады. Кафедра жұмысы жоспарының және кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларының орындалу сапасына бақылау жасайды. Кафедра оқытушыларының жеке жоспарының және қызметкерлердің басқа да жұмыс түрлерінің сапасы мен орындалуын бақылайды.

Оқу сабақтарын өткізуде оқытудың заманауи техникалық құралдарын және жаңа ақпараттық технологияларды таңдауды жүзеге асырып, оны пайдалану мүмкіндігін жасайды.

Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, магистранттар мен PhD докторанттардың курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен диссертацияларына жетекшілік жасайды.


Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын және оларды енгізу мүмкіндіктерінің нәтижелерін талқылауды ұйымдастырады.

Білім алушылардың болашақ түлектердің кәсіби қызметінің табыстылығын қамтамасыз ететін құзыретін қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

Студенттердің танысу, оқу-өндірістік және педагогикалық практикасын, курстық және дипломдық жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік етеді.

Білім алушылардың жеке пәндер бойынша курстық емтихандары мен сынақтарын, сондай-ақ аралық сынақтардың өткізілуін қамтамасыз етеді. Олардың нәтижелеріне талдау жасайды және ол туралы кафедра отырысында баяндайды.



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 15-беті

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына басшылық жасайды. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын және мүмкіндіктерінің нәтижелерін немесе оларды енгізуді талқылауды ұйымдастырады. Қол жеткізген ғылыми нәтижелерді жариялауды қамтамасыз етеді.

Кафедра пәндері бойынша білім алушылардың аралық аттестаттауды және ағымдағы бақылауды орындау сапасын бақылайды: олардың нәтижелеріне талдау жасайды және кафедра отырысында баяндайды.

Оқулықтарға, оқу және оқу-әдістемелік құралдарға қорытындылар жасауды қамтамасыз етеді. Кафедраның оқулықтарын, көрнекі құралдар және оқу-әдістемелік материалдарын дайындауды ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады.

Кафедраның педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Кафедраның жетекші оқытушыларының жұмыс тәжірибесін зерделейді, жинақтайды және таратады. Кафедраның жаңа бастап жүрген оқытушыларына оқу және әдістемелік көмекті қамтамасыз етеді. Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға басшылық жасайды.

Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруды жоспарлайды.

Университет ішінде және жоғары оқу орынаралық деңгейде даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік комиссия жұмыстарына қатысады.

Оқу-әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқу мекемелері мен басқа ұйымдар арасында байланыс орнатады.

Кафедраның ПОҚ халықаралық қызметін қамтамасыз етеді және қатысады. Кафедраның ПОҚ мен білім алушыларының университеттің академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуын қамтамасыз етеді.

Университеттің Даму бағдарламасына сәйкес кафедраның ПОҚ ағылшын тілін Intermediate деңгейінен төмен емес меңгеруін қамтамасыз етеді.

Кафедраның жабдықталуы мен ПОҚ үлесін қамтамасыз етеді.

Кафедраның штат кестесін әзірлеуге қатысады.

Кафедраның барлық құжаттама түрінің және есептіліктің жасалуы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

Кафедраның негізгі қызмет түрінің, негізгі индикаторларының орындалуын қамтамасыз етеді. Кафедра жұмысының қорытындысы бойынша есеп береді.

Кафедра персоналының арасында міндеттерді тиімді бөлуді қамтамасыз етеді, ұжымда қалыпты психологиялық ахуал жасауға жағдай жасайды.


Өзінің өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолданады және жағдай жасайды. Кафедрада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етеді.


Студенттердің және кафедра жұмыскерлерінің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормалары мен қағидаларын орындайды.

Факультет кеңесі, Академиялық кеңес және факультет деканының алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

9.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; мамандық және мамандандыру топтары бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібін; білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін; оқу жоспарын құру тәртібін; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; педагогиканы, физиологияны, психологияны және кәсіби оқыту әдістемесін; студенттерді оқыту және тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін; еңбек туралы



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 16-беті</p>

экономика, заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

9.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары кәсіби білімі, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, өкілетті орган ұсынған баспаларда және халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда кафедра бейіні бойынша ғылыми жарияланымдар.

Клиникалық кафедралар үшін оқытатын пәндер бойынша маман сертификаты/клиникалық қызметке рұқсат беру қажет, оқытатын пәндердің бейіні бойынша жоғары және бірінші дәрігерлік санатының болуы.

«Дене тәрбиесі» кафедрасының жетекшісі болып ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылыми докторы) немесе философия докторы дәрежесі (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ заңда көзделген Қазақстан Республикасының құрмет атағына немесе «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы» атағына лайық тұлға жіберіледі.

Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

10. ПРОФЕССОР

10.1. Лауазымдық міндеттері

Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Кәсіби білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.

Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттар мен PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және диссертацияларына жетекшілік жасайды.

Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады, қатысады және жетекшілік жасайды.

Жетекшілік ететін пәндері бойынша силлабустар әзірлеуге басшылық жасайды және әзірлейді. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша немесе кафедраның, факультеттің, жоғары оқу орнының ғылыми-әдістемелік кеңестің ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады.

Жетекшілік ететін пәндерінің әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін бақылайды.

Оқулықтардың, оқу және оқу-әдістемелік құралдардың, дәріс конспектілерінің және жетекшілік ететін пәндері бойынша басқа да әдістемелік материалдардың дайындалуына, сондай-ақ оларды баспаға дайындауға басшылық етеді және тікелей өзі қатысады. Кафедраның оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруге байланысты ұсыныстар береді.

Кафедрадағы зерттеу бағытының тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге және конференцияларға, оның ішінде, халықаралық конференцияларға қатысады.

Кафедрада студенттердің, студенттік ғылыми қоғамның ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды.

Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, оларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.


Кафедрада ғылыми педагог мамандарды дайындауға жетекшілік жасайды, тәлімгерлікпен айналысады.


Жетекшілік ететін пәндері бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын жоспарлайды.

Кафедраның кәсіби бағдар беру жұмыстарына басшылық жасайды.

Жеке жоспарды орындау туралы есеп дайындайды және ұсынады.

Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын орындайды.



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 17-беті

10.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодекcін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін; оқу жоспарын құру тәртібін; әдістемелік, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуын; мемлекеттік білім беру стандарттарын; жетекшілік ететін пәндер бойынша білім саласының қазіргі жағдайын; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; педагогиканы, физиологияны, психологияны; студенттерді оқыту және тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін; еңбек туралы экономика, заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

10.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесі, ғылыми атағының болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, өкілетті орган ұсынған баспаларда және халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда кафедра бейіні бойынша ғылыми жарияланымдар.

Клиникалық кафедралар үшін оқытатын пәндер бойынша маман сертификаты/клиникалық қызметке рұқсат беру қажет, оқытатын пәндердің бейіні бойынша жоғары дәрігерлік санатының болуы.

«Дене тәрбиесі» кафедрасының профессоры болып ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылыми докторы) немесе философия докторы дәрежесі (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ заңда көзделген Қазақстан Республикасының құрмет атағына немесе «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы» атағына лайық тұлға жіберіледі.

Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

11. ДОЦЕНТ

11.1. Лауазымдық міндеттері

Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Жоғары білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.

Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, магистранттардың курстық, дипломдық жобаларына және ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасайды. Кафедра бейіні бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады, қатысады және жетекшілік жасайды. Жетекшілік ететін пәндері бойынша кафедра оқытушыларының барлық сабақ түрін сапалы өткізуіне бақылау жасайды.

Жетекшілік ететін пәндері бойынша силлабустар әзірлейді. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның (факультеттің) ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады.


Кафедрадағы зерттеу бағытының тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде, кафедрадан жіберілген жағдайда халықаралық конференцияларға қатысады.

Оқытатын пәндерінің әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін бақылайды, жинақтайды және әзірлейді.

Кафедрадағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, оның ішінде студенттік ғылыми жұмысты және қоғамның және магистрлердің студенттік ғылыми жұмыстарын ұйымдастырады, қатысады және басшылық жасайды.

Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, жаңа жұмысқа қабылданған оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 18-беті</p>

Студенттердің, магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады және өзі айналысады. Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық және құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

Кафедраның материалдық-техникалық базасын дамытуға қатысады.

Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар және зертханалық жұмыстардың сипаттамасы мен практикалық сабақтарға қатысады және әзірлейді.

Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына қатысады.

Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жұмысына басшылық жасайды. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

Білім алушылардың және кафедра жұмыскерлерінің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормалары мен қағидаларын орындайды.

11.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін; оқу жоспарын құру тәртібін; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; педагогиканы, физиологияны, психологияны; кәсіби оқыту әдістемесін; студенттерді оқыту және тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін; еңбек туралы экономика, заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын.

11.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі/ PhD академиялық дәрежесінің болуы, өкілетті орган ұсынған баспаларда және халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда кафедра бейіні бойынша ғылыми жарияланымдар. Клиникалық кафедралар үшін оқытатын пәндер бойынша маман сертификаты/клиникалық қызметке рұқсат беру қажет, оқытатын пәндердің бейіні бойынша дәрігерлік санатының болуы.

«Дене тәрбиесі» кафедрасының профессоры болып ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылыми докторы) немесе философия докторы дәрежесі (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ заңда көзделген Қазақстан Республикасының құрмет атағына немесе «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы» атағына лайық тұлға жіберіледі.

Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

12. АҒА ОҚЫТУШЫ

12.1. Лауазымдық міндеттері

Оқытатын пәндері және жекелеген сабақ түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады және өткізеді.

Кафедрадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағытына қатысады.


Барлық оқу жұмыс түрлерін жүргізеді. Ассистенттер мен оқытушылар жүргізетін сабақтардың сапасына бақылау жасайды. Оқитын пәндері бойынша силлабустар жасайды. Оқитын пәндері немесе жекелеген сабақтар түрлері және оқу жұмыстары бойынша әдістемелік қамтылуды жинақтайды және әзірлейді.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады.

Ассистенттер мен оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 19-беті</p>

Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарына қатысады.

Кафедраның материалдық-техникалық базасын дамытуға және жетілдіруге қатысады.

Білім алушылардың сабақтар өткізу, зертханалық жұмыстар және практикалық сабақтар орындау кезінде еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақтауына бақылау жасайды. Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына белсенді қатысады.

Кафедрадағы оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар, зерттемелер, жұмыс бағдарламалары және оқу-әдістемелік жұмыстардың басқа да түрлерін дайындауға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын орындайды.

12.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіні, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; өз бейіні бойынша оқу-ғылыми пәндерді; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; педагогиканы, физиологияны, психологияны; кәсіби оқыту әдістемесін; студенттерді оқыту және тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін; еңбек туралы заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын.

12.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары кәсіби білімі, мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесінің болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Клиникалық кафедралар үшін оқытатын пәндер бойынша маман сертификаты/клиникалық қызметке рұқсат беру қажет, оқытатын пәндердің бейіні бойынша дәрігерлік санатының болуы.

Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.

13. ОҚЫТУШЫ/АССИСТЕНТ

13.1. Лауазымдық міндеттері

Дәрістен басқа, барлық сабақ түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады және өткізеді.

Кафедрадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағытына қатысады.


Профессордың, қауымдастырылған профессордың (доценттің) немесе аға оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін сабақтар мен оқу жұмыстарының түрлері бойынша әдістемелік құралдар дайындайды және оған қатысады. Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына қатысады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасауға және ұйымдастыруға қатысады. Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарына қатысады.

Оқу процесінің, оқу бөлімшелері құралдарының, зертханалардың материалдық-техникалық базасының нығаюына, дамуына, қамтамасыз етілуіне және жетілдірілуіне байланысты іс-шараларды дайындауға және жүзеге асыруға белсенді қатысады.

Білім алушылардың сабақтар өткізу, зертханалық жұмыстар және практикалық сабақтар орындау кезінде еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақтауына бақылау жасайды.

Профессордың, доценттің немесе аға оқытушының (пән кураторының) жетекшілігімен оқу сабақтарының әдістемелік және техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және жоспарлайды. Білім алушылардың оқулықтармен, арнайы, ғылыми әдебиеттермен, оқу құралдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, өз бетінше эксперимент жүргізуге, алынған нәтижелерді жинақтауға үйретеді.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 03.10.2019</p>	<p align="center">Басылым: бірінші</p>
	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға тенестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже</p>	<p align="center">Е БҚМУ 04-22</p>	<p align="center">21-беттің 20-беті</p>

Кафедрадағы ғылыми зерттеу бағытының тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде кафедрадан жіберілген жағдайда халықаралық конференцияларға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

13.2. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және жоғары білім беру жүйесіне қызмет ету және дамыту мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін; оқу жоспарын құру тәртібін; оқу ісі жөнінде құжаттамаларды жүргізу қағидасын; педагогиканы, физиологияны, психологияны және кәсіби оқыту әдістемесін; студенттерді оқыту және тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін; еңбек туралы заңнама негіздерін; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын.

13.3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары кәсіби білімі, ғылыми-педагогикалық қызметте жұмыс өтілі немесе мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 1 жыл немесе магистр академиялық дәрежесінің болуы.

Клиникалық кафедралар үшін оқытатын пәндер бойынша маман сертификаты/клиникалық қызметке рұқсат беру қажет, оқытатын пәндердің бейіні бойынша дәрігерлік санатының болуы.

«Патологиялық анатомия» кафедрасының қызметкерлері үшін жұмыс өтілі болуы міндетті емес.

Intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білуі.



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 03.10.2019	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже	Е БҚМУ 04-22	21-беттің 21-беті

Қосымша А
(міндетті түрде)

Н ПРО БҚМУ 401-04-19

ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

№	Тегі, аты-жөні, лауазымы	Жеке қолы	Күні	Ескерту